

Алматы қаласының қоғамдық көлігінде (таксиден басқа) электрондық билеттеу қызметтерін көрсетуге, сондай-ақ көліктік емес төлемдерді қамтамасыз етуге арналған жария шарт

Алматы қаласы

Алматы қаласының қоғамдық көлігінде (таксиден басқа) электрондық билеттеу жүйесінің қызметі бойынша қызмет көрсетуге, сондай-ақ көліктік емес төлемдерді қамтамасыз етуге арналған осы жария шарт (әрі қарай – «Шарт») әрі қарай «Оператор» деп аталатын «Алматы қаласының көлік холдингі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әрі қарай «Пайдаланушы» деп аталатын осы Шарт талаптарына қосылған тұлғаға Алматы қаласында электрондық билеттеу қызметін көрсетудің (Алматы қаласының қоғамдық көлігінде жол жүрумен байланысты) жалпы шарттарын анықтайды. Оператор мен Пайдаланушы осы Шарт бойынша бірлескен түрде «Тараптар» деп аталады.

1. Жалпы қағидалар

1.1. Осы Шарттың мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі негізгі түсініктер пайдаланылады:

Жолақыны есепке алу мен төлеудің автоматтандырылған жүйесі (әрі қарай – ЖЕТАЖ) – Қоғамдық көліктегі мамандандырылған жабдықтар мен Көлік карталарын сату/іске қосу орындарын, Операторға тиесілі жергілікті және аймақтық ақпарат өңдеу орталықтарын қамтитын, аумақтық тұрғыда бөлінген аппараттық-бағдарламалық кешен.

Көлік картасы – ЖЕТАЖ жабдығымен жабдықталған Тасымалдаушының Қоғамдық көлігін Пайдаланушылардың есепке алынуы мен жолақыны тіркеуді, сондай-ақ Көліктік емес төлемдер жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Mifare стандартындағы микропроцессорлық түйісусіз карта.

Көлік карталары Оператордың меншігі болып табылады (осы Шарттың 4.2. тармағымен көзделген талаптардың ескерілуімен) және келесі түрлерге бөлінеді:

1. Бірыңғай көлік картасы;
2. Оқушының көлік картасы;
3. Студенттің көлік картасы;
4. Әлеуметтік көлік картасы;
5. ҰОС ардагерінің көлік картасы;
6. Ұзақ уақыт пайдаланылатын көліктік жол жүру картасы:
 - Бірыңғай көліктік жол жүру билеті;
 - Оқушының жол жүру билеті;
 - 15+ оқушының жол жүру билеті;
 - Студенттің жол жүру билеті;
 - Әлеуметтік жол жүру билеті.
7. Оператор шығаратын карталардың өзге түрлері.

Билет(тер) – жол ақысын бір жолғы төлеуге арналған Көліктік терминалдың көмегімен тікелей автобустың, троллейбустың салонында қолма-қол ақшамен төлеген кезде жолаушыларға берілетін, қағаз нысанындағы бір жолғы жол жүруге арналған жол жүру құжаты.

Бір жолғы төлеуге арналған көліктік терминал – жол ақысын тікелей автобустың, троллейбустың салонында қолма-қол ақшамен төлеуді автоматты түрде тіркеуге және Билет беруге арналған, ЖЕТАЖ жабдығының бірыңғай жүйесіне кіретін, мамандандырылған мобильді құрылғы.

Терминал – Қоғамдық көлікте (метродан басқа) және метрополитен станцияларындағы турникеттерде, сондай-ақ ЖЕТАЖ жабдығының бірыңғай жүйесіне кіретін Ұйымдарда орнатылған және жол жүруді тіркеуге және Көлік карталары арқылы Көліктік емес төлемдерді жасауға арналған мамандандырылған стационарлық құрылғы.

Қоғамдық көлік – ЖЕТАЖ-бен жабдықталған метро, автобус(тар), троллейбус(тар).

Оператордың сайты – Оператордың келесі мекенжай бойынша орналасқан интернет желісіндегі ақпараттық ресурсы: www.opay.kz.

Қызмет(тер) – Оператордың ЖЕТАЖ-бен байланысты және ЖЕТАЖ-дың жұмыс істеуіне бағытталған әрекет(тер)і.

Агенттер – Көлік карталарын сатуды, толтыруды және қабылдауды, сондай-ақ Көліктік емес төлемдер жасауды қамтамасыз ететін үшінші тұлғалар.

Бақылау-ревизия басқармасы – Пайдаланушылардың Көлік карталары мен Билеттерін тексеру үшін, сондай-ақ Көлік карталарының немесе Билеттерінің көмегімен Қоғамдық көлікте жолақы төлеу мен тіркеуді жүзеге асырмаған тұлғаларды анықтау үшін бақылаушының арнайы терминалымен жабдықталған Оператордың немесе Тасымалдаушылардың жұмыскерлері (бақылаушылар).

Оператордың кеңсесі: Алматы қаласы, Рысқұлбеков көшесі, 33/1.

Алаяқтық тіркеулер – бір автобуста, троллейбуста көліктік картаның көмегімен 6 (алты) минуттан кем уақыт кезеңінде 2 (екі) реттен көп мерзімділікпен немесе 5 (бес) реттен артық жүзеге асырылатын тіркеулер.

Көліктік емес төлем – Пайдаланушының Көлік картасын қолдана отырып, Алматы қаласы Қоғамдық көлігімен тасымалдау қызметтерімен байланысты емес тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алу мақсатында жасайтын операциясы. Көліктік емес төлемдерді жасаудың тәртібі мен шарттары осы Шарттың 14 бабында анықталған.

Ұйымдар – Пайдаланушыларға Алматы қаласының Қоғамдық көлігімен тасымалдау бойынша қызметтермен байланысты емес тауарларды сатуды, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар.

2. Шарттың жалпы талаптары

2.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жария шарт болып табылады. Осы Шарттың талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз бетінше белгілейді.

2.2. Пайдаланушыға ұсынылатын Қызметтер осы Шарттың талаптарына сай көрсетіледі.

2.3. Қызметтер туралы ақпарат Оператордың Сайтында орналастырылуы мүмкін және Пайдаланушының (Пайдаланушылардың) назарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған құралдармен және әдістермен жеткізілуі мүмкін.

3. Қоғамдық көлікте жол жүруді тіркеу тәртібі туралы жалпы қағидалар

3.1. Қоғамдық көлікте жол жүруді тіркеу құралы ретінде электрондық Көлік картасы немесе Билет пайдаланылады.

3.2. Жол жүруді тіркеуді Пайдаланушы Қоғамдық көлікке кірген (отырған) кезде міндетті тәртіпте өз бетінше жүргізеді. Метродағы жол жүруді тіркеуді Пайдаланушы метроға кірген кезде метрополитен турникеттері арқылы өз бетінше жүзеге асырады. Қоғамдық көлікте жол жүруді тіркеу дерегі – жол жүрудің тіркелуі туралы қағаз құжатының берілуінсіз, Терминалда сәтті/сәтсіз тіркеу туралы тиісті хабарлама пайда болғанға дейін Төлем картасын терминалдың оқығыш құрылғысының жұмыс кеңістігіне жақындатып ұстап тұру (кемінде екі секунд) жолымен расталады.

3.3. Терминал Көлік картасынан деректерді оқып шығуды жүзеге асырады және ол бойынша жол жүруді тіркеу мүмкіндігін тексереді, жасыл индикатор мен дыбыстық сигнал жол жүрудің сәтті тіркелгенін растайды.

3.4. Егер Көлік картасы арқылы жол жүруді тіркеу мүмкін болмаған жағдайда, Терминалда қызыл индикациямен және дыбыстық сигналмен ілесе тиісті хабарлама көрінеді.

3.5. Жол жүрудің дұрыс тіркелуі мақсатында, Пайдаланушы Көлік картасын Терминалдың оқығыш құрылғысының жұмыс кеңістігінде кемінде екі секунд бойы ұстап тұруы тиіс.

3.6. Пайдаланушы Көлік Картасындағы қаражаттың қалдығын автобуста, троллейбуста орнатылған бірінші Терминалда (жүргізушіге жақын жерде орналасқан) ғана тексере алады, ол үшін Терминалдағы төменгі «Карта бойынша ақпарат» тетігін басып, Көлік картасын Терминалға жақындату керек. Көлік картасындағы қаражат қалдығын жол ақысын соңғы тіркеген сәттен кейін 15 (он бес) минут өткеннен соң ғана тексеру қажет. Егер қаражат

қалдығын Терминалда тексеру ертерек орын алатын болса, онда Терминал экранында ағымдағы жол жүру тіркеуінің есепке алынуынсыз қаражат қалдығы көрінуі мүмкін.

3.7. Көлік картасындағы қаражаттың қалдығын сондай-ақ барлық «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету жөніндегі төлем терминалдарында, «CityBus» мобильді қосымшасы арқылы, «Казкоммерцбанк» АҚ қаржы порталы арқылы, Оператордың сайтында тексеруге болады.

3.8. Егер жолаушы жол ақысын тікелей автобус, троллейбус салонында қолма-қол ақша арқылы төлеген жағдайда, жолақысын төлеуді тіркеу жолаушыға Билет берілген кезде автоматты түрде жүзеге асады.

3.9. Қол жүгін алып жүру үшін төлемді жолаушы автобус, троллейбус жүргізушісіне/бақылаушысына қолма-қол ақша беру арқылы жүзеге асырады, ал олар қол жүгі үшін төлем алынғаннан кейін бір жолғы төлем үшін Көлік терминалының көмегімен жолаушыға билет беруге міндетті, бұл ретте қол жүгін алып жүру үшін төлем жолаушыға Билет берілген кезде автоматты түрде жүзеге асады.

4. Бірыңғай көлік картасын сатып алу тәртібі

4.1. Бірыңғай көлік картасын «ОҢАЙ» тану стикерімен белгіленген Агенттік сату желілерінде сатып алуға болады. Сату келесі орындарда жүзеге асырылады:

- әуежайда, темір жол вокзалдарында, «Сайран» автовокзалында;
- «Караван», «Дауыс» агенттік киоскілер желісінде, «Akson-mobile» салондарында, Zpress, ЖК «Галиев» нүктелерінде;
- «Самат-Транс» ЖШС, «Автобаза ДосТранс» ЖШС, «№1 Таксомотор паркі» ЖШС-на тиесілі бағдарларға қызмет көрсететін автобус жүргізушілерінен;
- Бақылау-ревизия басқармасының бақылаушыларынан;
- Оператордың кеңсесінде;
- «Транспортная Карта» ЖШС кеңсесінде (Алматы қаласы, Емцов көшесі, 47 үй);
- метрополитен кассаларында;
- «RIXOS» қонақ үйінде.

4.2. Бірыңғай көлік картасының құны 400 (төрт жүз) теңгені құрайды, ол 1 (бір) жол жүру құнын және 320 (үш жүз жиырма) теңге кепіл құнын (бірыңғай көлік картасының тікелей құны) қамтиды, кепіл құны бірыңғай көлік картасын қайтарған жағдайда қайтарылады, бұл ретте қайтару мерзімі бірыңғай көлік картасын сатып алған немесе алғаш рет іске қосқан күннен бастап 6 (алты) айды құрайды. Бірыңғай көлік картасы қайтарылған жағдайда, ол қалыпты тозуы ескерілетін күйде болуы тиіс.

Егер Пайдаланушы бірыңғай көлік картасын осы тармақпен белгіленген мерзімде қайтармайтын болса, ол Пайдаланушының меншігіне өтеді, ал оның кепіл құны бірыңғай көлік картасының тікелей құнының төлемі ретінде Операторда қалады. Бірыңғай көлік картасының қолданылу мерзімі шектелмеген.

4.3. Бірыңғай көлік картасының құны жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан жолаушыларды автокөлікпен тұрақты тасымалдау тарифі өзгертілген жағдайда және/немесе бірыңғай көлік картасының өзіндік құны өскен жағдайда өзгертілуі мүмкін.

4.4. Жоғалған жағдайда бірыңғай көлік картасы қалпына келтірілмейді және ондағы ақша қалдығы қайтарылмайды, бірақ жол жүру үшін төлем қолма-қол ақшасыз нысанда (бірыңғай көлік картасын Пайдаланушыны сәйкестендіру мақсатында) жүргізілген кездегі ақшалай қаражат қалдығын қайтару жағдайларын қоспағанда, бұл ретте Агенттерге тиісті комиссияларды төлеуге байланысты Оператор шығынының орнын толтыру мақсатында Оператор қайтарылатын қаражат қалдығының 2 (екі) %-ы мөлшерінде комиссияны ұстап қалуды жүзеге асырады.

5. Оқушының көлік картасын алу тәртібі

5.1. Оқушының көлік картасы дербестендірілген карта болып табылады.

5.2. Оқушының көлік картасын оқушы Алматы қаласының аумағында орналасқан өзі оқитын оқу орнында алады. Оқушының көлік картасын алу үшін оқушы өзінің оқу орнындағы жауапты тұлғаға жүгінуі тиіс.

5.3. Алматы қаласы аумағында оқитын оқушының көлік картасының бастапқы шығарылымы 01.04.2016 жылға дейін тегін жүзеге асырылады. Оқушының көлік картасының шығарылымы 01.04.2016 жылдан бастап 320 (үш жүз жиырма) теңгені құрайтын болады.

5.4. Жоғалтқан және кепілдікке жатпайтын жағдай туындаған жағдайда Оқушының көлік картасын қайта шығару құны 750 (жеті жүз елу) теңгені құрайды, бірақ қайта шығарудың құнын Оператордың Кеңсесінде төлеу шартымен құны 320 (үш жүз жиырма) теңгені құрайтын балалар үйлерінің (жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі балаларға, отбасылық типтегі), отбасылық типтегі балалар ауылдарының, жасөспірімдер үйлерінің, мектеп-интернаттардың (жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған; көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған) тәрбиеленуші балаларына арналған оқушының көлік картасын қайта шығаруды қоспағанда. Оқушының көлік картасында Оператордың техникалық қызметінің тұжырымымен анықталатын зауыттық ақаудың болуы кепілдік жағдайы болып табылады.

5.5. Алаяқтық тіркеулерде пайдаланылған оқушының көлік картасын қайта шығаруды Оператор Алаяқтық тіркеулермен жұмыс жасау жөніндегі регламентпен көзделген рәсімдерді Оператордың жүзеге асыруы мақсатында Оператордың Кеңсесіне Пайдаланушының тиісті жүгінген күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүргізеді. Егер Пайдаланушы Операторға Алаяқтық тіркеулердің сомаларын төлеген жағдайда, оқушының көлік картасын қайта шығару мерзімі Оператордың Кеңсесіне Пайдаланушының тиісті жүгінген күнінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күнді құрайды, бұл ретте 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Оператор оқушының тиісті көлік картасына Пайдаланушы төлеген Алаяқтық тіркеулердің сомаларын қайтаруды жүзеге асырады.

5.6. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, оқушының көлік картасы бойынша бір жолғы жол жүрудің құны 40 (қырық) теңгені құрайды.

5.7. Оқушының көлік картасын, сондай-ақ 7 жастан 15 жасқа дейінгі бөтен қалалық балалар оның 320 (үш жүз жиырма) теңге көлеміндегі құнын төлей отырып, Оператордың кеңсесінде сатып ала алады.

6. Студенттің көлік картасын алу тәртібі

6.1. Студенттің көлік картасы дербестендірілген карта болып табылады.

6.2. Студенттің көлік картасын студент (техникалық және кәсіби білім беру мекемесінде, жоғары оқу орнында күндізгі оқу нысанымен оқитын студент) Алматы қаласы аумағындағы өзі оқып жүрген оқу орнында алады. Студенттің көлік картасын алу үшін студент өзінің оқу орнындағы жауапты тұлғаға жүгінуі тиіс.

6.3. Алматы қаласы аумағында оқитын студенттің көлік картасының бастапқы шығарылымы 01.04.2016 жылға дейін тегін жүзеге асырылады. 01.04.2016 жылдан бастап студенттің көлік картасын шығару құны 320 (үш жүз жиырма) теңгені құрайды.

6.4. Жоғалтқан және кепілдікке жатпайтын жағдай туындаған жағдайда студенттің көлік картасын қайта шығарудың құны 750 (жеті жүз елу) теңгені құрайды, бірақ қайта шығарудың құнын Оператордың Кеңсесінде төлеу шартымен құны 320 (үш жүз жиырма) теңгені құрайтын, балалар үйлерінің (жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін, отбасылық типтегі), отбасылық типтегі балалар ауылдарының, жасөспірімдер үйлерінің, мектеп-интернаттардың (жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған; көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған) тәрбиеленуші (он сегіз жасқа толмаған) балаларына арналған студенттің көлік картасын қайта шығаруды қоспағанда. Студенттің көлік картасында Оператордың техникалық қызметінің тұжырымымен анықталатын зауыттық ақаудың болуы кепілдік жағдайы болып табылады.

6.5. Алаяқтық тіркеулерде пайдаланылған студенттің көлік картасын қайта шығаруды Оператор Алаяқтық тіркеулермен жұмыс жасау жөніндегі регламентпен көзделген рәсімдерді Оператордың жүзеге асыруы мақсатында Оператордың Кеңсесіне Пайдаланушының тиісті жүгінген күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүргізеді. Егер Пайдаланушы Операторға Алаяқтық тіркеулердің сомаларын төлеген жағдайда, студенттің көлік картасын қайта шығару мерзімі Оператордың Кеңсесіне Пайдаланушының

тиісті жүгінген күнінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күнді құрайды, бұл ретте 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Оператор студенттің тиісті көлік картасына Пайдаланушы төлеген Алаяқтық тіркеулердің сомаларын қайтаруды жүзеге асырады.

6.6. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, студенттің көлік картасы бойынша бір жолғы жол жүрудің құны 40 (қырық) теңгені құрайды.

7. Әлеуметтік көлік картасын, ҰОС ардагерінің көлік картасын алу тәртібі

7.1. Әлеуметтік көлік картасы, ҰОС ардагерінің көлік картасы дербестендірілген карталар болып табылады.

7.2. Әлеуметтік көлік картасының пайдаланушылары жасына байланысты зейнеткерлер, жасы 75-тен (жетпіс бестен) асқан зейнеткерлер, бірінші, екінші топтағы мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар, көп балалы аналар (18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар) болып табылады.

7.3. ҰОС ардагерінің көлік картасын пайдаланушылар Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері және соларға теңестірілетін адамдар болып табылады.

7.4. Әлеуметтік көлік картасын, ҰОС ардагерінің көлік картасын алғысы келетін пайдаланушы Алматы қаласындағы өзінің тіркелген жері бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгінеді. Жеке басын куәландыратын құжатты, жеңілдікті растайтын құжатты және мекенжай анықтамасын ұсынады.

7.5. Әлеуметтік көлік картасын, ҰОС ардагерінің көлік картасын бастапқы шығару тегін жүзеге асырылады.

7.6. Әлеуметтік көлік картасын, ҰОС ардагерінің көлік картасын қайта шығарудың құны 320 (үш жүз жиырма) теңгені құрайды. Алаяқтық тіркеулерде пайдаланылған әлеуметтік көлік картасын қайта шығарудың құны 750 (жеті жүз елу) теңгені құрайды.

7.7. Алаяқтық тіркеулерде пайдаланылған әлеуметтік көлік картасын қайта шығаруды Оператор Алаяқтық тіркеулермен жұмыс жасау жөніндегі регламентпен көзделген рәсімдерді Оператордың жүзеге асыруы мақсатында Оператордың Кеңсесіне Пайдаланушының тиісті жүгінген күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүргізеді. Егер Пайдаланушы Операторға Алаяқтық тіркеулердің сомаларын төлеген жағдайда, әлеуметтік көлік картасын қайта шығару мерзімі Оператордың Кеңсесіне Пайдаланушының тиісті жүгінген күнінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күнді құрайды, бұл ретте 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін Оператор тиісті әлеуметтік көлік картасына Пайдаланушы төлеген Алаяқтық тіркеулердің сомаларын қайтаруды жүзеге асырады.

7.8. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, әлеуметтік көлік картасы бойынша бір жолғы жол жүрудің құны 40 (қырық) теңгені құрайды.

7.9. Жасы 75-тен (жетпіс бестен) асқан зейнеткерлер, бірінші, екінші топтағы мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін әлеуметтік көлік картасы бойынша жол жүру тегін.

7.10. ҰОС ардагерінің көлік картасы бойынша жол жүру тегін.

8. Бірыңғай көліктік жол жүру билетін сатып алу тәртібі

8.1. Бірыңғай көліктік жол жүру билеті барлық азаматтарға арналған. Бірыңғай көлік картасы негізінде бірыңғай көліктік жол жүру билетін сату «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы жүзеге асырылады.

8.2. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, бірыңғай көліктік жол жүру билетінің құны 7 200 (жеті мың екі жүз) теңгені құрайды.

8.3. Бірыңғай көліктік жол жүру билетін сатып алу үшін, бірыңғай көліктік жол жүру билетінің құнын енгізу жолымен оны «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы сатып алуды жүзеге асыру қажет. Бірыңғай көліктік жол жүру билетін сатып алған кезде бірыңғай көлік картасында кемінде 1 (бір) жол жүрудің құны (80 теңге) сомасында оң қалдық болуы тиіс және ол бірыңғай көліктік жол жүру билетін сатып алу сәтінде және оның қолданылу кезеңінде бұғатталады. Келесі айға бірыңғай көліктік жол жүру билетін сатып алуды ағымдағы айдың 15-ші күнінен бастап, келесі айдың 14-ші күніне дейінгі кезеңде ғана жүзеге асыруға болады.

8.4. Бірыңғай көлік картасы, картон тасушыдағы бірыңғай көліктік жол жүру билеті жоғалған жағдайда, сондай-ақ ол пайдаланылмаған жағдайда, бірыңғай көліктік жол жүру билетінің құны қалпына келтірілмейді.

8.5. Картон тасушыдағы бірыңғай көліктік жол жүру билетінің қолданылу мерзімін 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ғана «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы және Оператордың кеңсесінде ұзартуға болады.

9. Оқушының жол жүру билетін сатып алу тәртібі

9.1. Оқушының жол жүру билеті Алматы қаласы аумағында оқитын оқушыларға арналған. Оқушының көлік картасы негізінде оқушының жол жүру билетін «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы сатып алуға болады.

9.2. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, оқушының жол жүру билеті 1 000 (бір мың) теңгені құрайды.

9.3. Оқушының жол жүру билетін сатып алу үшін, оқушының жол жүру билетінің құнын енгізу жолымен оны «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы сатып алуды жүзеге асыру қажет. Оқушының жол жүру билетін сатып алған кезде оқушының көлік картасында кемінде 1 (бір) жол жүрудің құны (40 теңге) сомасында оң қалдық болуы тиіс және ол оқушының жол жүру билетін сатып алу сәтінде және оның қолданылу кезеңінде бұғатталады. Келесі айға оқушының жол жүру билетін сатып алуды ағымдағы айдың 15-ші күнінен бастап, келесі айдың 14-ші күніне дейінгі кезеңде ғана жүзеге асыруға болады.

9.4. Картон тасушыдағы оқушының жол жүру билеті жоғалған жағдайда, сондай-ақ ол пайдаланылмаған жағдайда, оның құны қалпына келтірілмейді. Оқушының көлік картасындағы оқушының жол жүру билетінің құны ол пайдаланылмаған жағдайда қалпына келтірілмейді. Оқушының жол жүру билеті сатып алынған оқушының көлік картасы жоғалған жағдайда, оқушының жол жүру билетінің құны оқушының көлік картасының қайта шығарылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қалпына келтіріледі.

9.5. Оқушының жол жүру билетінің, картон тасушыдағы +15 оқушының жол жүру билетінің қолданылу мерзімін 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ғана «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы және Оператордың кеңсесінде ұзартуға болады.

10. Студенттің жол жүру билетін сатып алу тәртібі

10.1. Студенттің жол жүру билеті Алматы қаласы аумағында оқитын студенттерге (техникалық және кәсіби білім беру мекемесінде, жоғары оқу орнында күндізгі оқу нысанымен оқитын студент) арналған. Студенттің көлік картасы негізінде студенттің жол жүру билетін «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы сатып алуға болады.

10.2. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, студенттің жол жүру билетінің құны 3 000 (үш мың) теңгені құрайды.

10.3. Студенттің жол жүру билетін сатып алу үшін, студенттің жол жүру билетінің құнын енгізу жолымен оны «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы сатып алуды жүзеге асыру қажет. Студенттің жол жүру билетін сатып алған кезде студенттің көлік картасында кемінде 1 (бір) жол жүрудің құны (40 теңге) сомасында оң қалдық болуы тиіс және ол оқушының жол жүру билетін сатып алу сәтінде және оның қолданылу кезеңінде бұғатталады. Келесі айға студенттің жол жүру билетін сатып алуды ағымдағы айдың 15-ші күнінен бастап, келесі айдың 14-ші күніне дейінгі кезеңде ғана жүзеге асыруға болады.

10.4. Картон тасушыдағы студенттің жол жүру билеті жоғалған жағдайда, сондай-ақ ол пайдаланылмаған жағдайда, оның құны қалпына келтірілмейді. Студенттің көлік картасындағы студенттің жол жүру билетінің құны ол пайдаланылмаған жағдайда қалпына келтірілмейді. Студенттің жол жүру билеті сатып алынған студенттің көлік картасы жоғалған жағдайда, студенттің жол жүру билетінің құны студенттің көлік картасының қайта шығарылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қалпына келтіріледі.

10.5. Картон тасушыдағы студенттің жол жүру билетінің қолданылу мерзімін 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ғана «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы және Оператордың кеңсесінде ұзартуға болады.

11. Әлеуметтік жол жүру билетін сатып алу тәртібі

11.1. Әлеуметтік жол жүру билеті Алматы қаласында тұратын жері бойынша тіркеуі бар зейнеткерлерге арналған. Әлеуметтік көлік картасы негізінде әлеуметтік жол жүру билетін сату «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы жүзеге асырылады.

11.2. Егер жергілікті атқарушы/өкілдеуші орган тарапынан өзге жағдайлар белгіленбеген болса, әлеуметтік жол жүру билетінің құны 2 000 (екі мың) теңгені құрайды.

11.3. Әлеуметтік жол жүру билетін сатып алу үшін, әлеуметтік жол жүру билетінің құнын енгізу жолымен оны «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы сатып алуды жүзеге асыру қажет. Әлеуметтік жол жүру билетін сатып алған кезде әлеуметтік көлік картасында кемінде 1 (бір) жол жүрудің құны (40 теңге) сомасында оң қалдық болуы тиіс және ол әлеуметтік жол жүру билетін сатып алу сәтінде және оның қолданылу кезеңінде бұғатталады. Келесі айға әлеуметтік жол жүру билетін сатып алуды ағымдағы айдың 15-ші күнінен бастап, келесі айдың 14-ші күніне дейінгі кезеңде ғана жүзеге асыруға болады.

11.4. Картон тасушыдағы әлеуметтік жол жүру билеті жоғалған жағдайда, сондай-ақ ол пайдаланылмаған жағдайда, оның құны қалпына келтірілмейді. Әлеуметтік көлік картасындағы әлеуметтік жол жүру билетінің құны ол пайдаланылмаған жағдайда қалпына келтірілмейді. Әлеуметтік жол жүру билеті сатып алынған әлеуметтік көлік картасы жоғалған жағдайда, әлеуметтік жол жүру билетінің құны әлеуметтік көлік картасының қайта шығарылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қалпына келтіріледі.

11.5. Картон тасушыдағы әлеуметтік жол жүру билетінің қолданылу мерзімін 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ғана «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы және Оператордың кеңсесінде ұзартуға болады.

12. Қоғамдық көлікте жолақы төлеу тәртібі туралы жалпы қағидалар

12.1. Қоғамдық көлікте жолақы төлеуді қолма-қол ақша нысанында, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз нысанда «QIWI» өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, «Касса24» («Astana Plat» ЖШС), «КиберПлат», «Orion Pro» («Қазақтелеком» АҚ бөлімшелерінде), «Quickpay» («ЭКСПРЕСС Mit» ЖШС) терминалдары, «PAYPOINT» кассалары мен өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары («Ұлттық төлем орталығы», «MDOM.KZ» ЖШС), «QIWI Әмиян» электрондық әмияны, e-kzt (e-kzt.kz ҚБЕО), «allpay» мобильді электрондық әмияны («Allpay» ЖШС), «Казкоммерцбанк» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «ForteBank» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «АТФБанк» АҚ интернет-банкингтері, online.vtb-bank.kz интернет-банкингі, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕБ банкоматтары, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, «Альфа Банк» АҚ ЕБ, «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕБ), «AsiaCredit Bank» АҚ, «Банк Kassa Nova» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ интернет-банкингтері, «Нұрбанк» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «СБЕРБАНК» АҚ ЕБ интернет-банкингтері, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, myhaluk.kz интернет-банкингі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «myHaluk» мобильді қосымшалары, банкоматтары, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, "StarBanking" жүйесі, «Банк Центр Кредит» АҚ банкоматтары, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, crediton.kz интернет порталы, (iOS/Android) мобильді қосымшасы – DAR pay «DAR ecosystem» ЖШС, «Қазақстандағы «Пакистан Ұлттық Банкі ЕБ» АҚ кассалары арқылы, 2020 нөміріне SMS хабарлама жіберу жолымен Beeline мобильді байланыс операторы арқылы, money.beeline.kz, pay.beeline.kz төлем сервисі, «Қазпошта» АҚ автоматтандырылған бөлімшелерінің кассалары және www.post.kz сайты арқылы жүзеге асыруға болады.

12.2. Тікелей автобустың, троллейбустың салонында қолма-қол ақшамен жолақы төлеуді қалайтын жолаушылар автобус, троллейбус жүргізушісіне/бақылаушысына қолма-қол ақша беру арқылы жүзеге асыруы тиіс, ал олар жолақы төлемін алғаннан кейін бір жолғы төлем үшін Көлік терминалының көмегімен жолаушыға Билет беруге міндетті, бұл ретте жолаушылар Билеттің нысаны мен мазмұнына назар аударуы тиіс.

12.3. Билетте келесі ақпарат болуы тиіс: Билеттің берілген күні және уақыты, олар жолаушының жол жүруінің ағымдағы күні мен уақытына сәйкес келуі тиіс; бағдардың нөмірі және көлік құралының мемлекеттік нөмірі; жол жүрудің құны. Сондай-ақ Билеттің қарсы бетінде «ОҢАЙ» логотипі білгелінген болуы тиіс.

13. Қоғамдық көлікте жол жүрудің тіркелуін, жолақының

төленуін тексеру тәртібі

13.1. Көлік карталары және/немесе Билеттер арқылы Қоғамдық көлікте жол жүрудің тіркелуін, жолақының төленуін бақылауды Оператордың және Тасымалдаушылардың Бақылау-ревизия басқармасы Пайдаланушының (Пайдаланушылардың) Көлік картасын бақылаушының терминалымен тексеру жолымен немесе жолаушыда Билеттің болуын тексеру жолымен жүзеге асырады.

13.2. Көлік карталарын тексеру үшін бақылаушы Пайдаланушының Көлік картасын бақылаушы терминалының оқығыш құрылғысына жақындатады.

13.3. Егер тексеріліп жатқан сапар барысында Көлік картасы бойынша жол жүрудің тіркелуі жүргізілген болса, Пайдаланушы өзінің жол жүруін тіркеген болып анықталады. Бақылаушының терминалынан дыбыстық сигнал естіледі, экранда бақылаудан өткендігі туралы ақпарат көрінеді.

13.4. Егер Пайдаланушының Көлік картасы бойынша жол жүрудің соңғы тіркелуі тексеріліп жатқан сапарда жасалмаған болса немесе басқа көлік құралында жасалған болса, бақылаушының терминалынан дыбыстық сигнал естіледі, экранда Пайдаланушының жол жүруді тіркемегендігі туралы хабарлама көрінеді.

13.5. Қоғамдық көлікте жол жүруін тіркемеген және жолақы төлемеген тұлғаларға, жол жүруді әрі қарай тіркеу үшін және жолақы төлеу үшін бірыңғай көлік картасын сатып алуды қаламайтын тұлғаларға жергілікті полиция қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 622 бабының 2 тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық ісін рәсімдейді (қоғамдық көлікте жолақы төлеуден жалтару екі айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеуге апарып соқтырады).

13.6. Жолаушыларды билетсіз тасуды жүзеге асырған Қоғамдық көлік жүргізушілеріне көлік және коммуникациялар саласындағы аумақтық орган қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 623 бабының 9) тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық ісін рәсімдейді (трамвайда, троллейбуста, қала ішінде және қала маңына қатынайтын автобус пен бағдарлы таксиде жолаушыларды билетсіз тасу бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеуге апарып соқтырады).

14. Көліктік емес төлемдерді жасау тәртібі туралы жалпы қағидалар

14.1. Көліктік емес төлемдерді жүргізуді «Оңай Рау» ЖШС Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес электронды ақша жүйесі арқылы қамтамасыз етеді.

14.2. Көліктік емес төлемдерді жүргізуді Пайдаланушы Көлік картасын Ұйымда орнатылған Терминалға жақындату жолымен және (немесе) төлем қабылдаудың басқа да электрондық құралдары арқылы жүзеге асырады.

14.3. Осы Шарттың 14.2. тармағында көрсетілген іс жүзіндегі әрекеттерді жасай отырып, Пайдаланушы бір уақытта заңды мәні бар келесідей әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) www.onau.kz мекенжайы бойынша орналасқан Көліктік емес төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді көрсету туралы «Оңай Рау» ЖШС жария шартының талаптарымен оның талаптарын сөзсіз қабылдау жолымен келіседі;
- 2) Пайдаланушы таңдаған Ұйыммен ол анықтаған шарттарда тауарды сатып алуға, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге арналған шартты жасайды;
- 3) Операторға «Оңай Рау» ЖШС-ның пайдасына Көлік картасының есебіне өзі бұрын салған ақшалай қаражаттың аударылуын (қайтарылуын) жүзеге асыруға өкім береді, ал ол Пайдаланушының тапсырмасы бойынша, тиісті Ұйымның тауарына, жұмысына немесе қызметіне осындай тауардың, жұмыстың немесе қызметтің құны көлемінде ақы төлеу үшін алынған ақшалай қаражатты аударуды жүзеге асырады;
- 4) «Оңай Рау» ЖШС мен Ұйымдар көрсететін қызметтер/жұмыстар үшін тарифтердің, комиссиялардың, сыйақылардың және басқа шығындардың атауымен, түрлерімен және көлемдерімен өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

14.4. Ұйымдардың тауарларының, жұмыстары мен қызметтерінің ақысын Пайдаланушы Көлік картасының шотына Пайдаланушының алдын ала салған ақша сомасы шегінде Көлік картасын пайдалана отырып төлеуі мүмкін.

14.5. Көліктік емес төлемдерді жасаудың ерекшеліктері, тәртібі және шарттары www.onau.kz мекенжайы бойынша орналасқан Көліктік емес төлемдерді жүзеге асыру

жөніндегі қызметтерді көрсету туралы «Оңай Рау» ЖШС жария шартының талаптарымен реттеледі.

15. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15.1. Оператордың келесі құқықтары бар:

15.1.1. Оператордың ЖЕТАЖ жүйесінде (Көлік карталарының көмегімен) жол жүруді тіркеместен және жолақы төлеместен Қоғамдық көлікте жол жүруді пайдаланатын тұлға анықталған жағдайда, жол жүруді тіркеуі үшін және жолақы төлеуі үшін осындай тұлғаға/Пайдаланушыға Бақылау-ревизия басқармасы арқылы Көлік картасын сату;

15.1.2. Оператордың қызметіне қатысы жоқ сұрақтармен телефон байланысы арқылы Пайдаланушының бірнеше рет хабарласуын болдырмас үшін және/немесе Пайдаланушы этикалық нормаларды бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте Операторға келіп түсетін кіріс қоңырауларын жазып алуды жүзеге асыру.

15.2. Оператордың келесі міндеттері бар:

15.2.1. осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау.

15.3. Пайдаланушының келесі құқықтары бар:

15.3.1. осы Шартпен белгіленген талаптарға сай Оператордың Қызметтерін пайдалану.

15.4. Пайдаланушының келесі міндеттері бар:

15.4.1. Қоғамдық көлікте жол жүру үшін ЖЕТАЖ арқылы және ЖЕТАЖ-дың ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы жабдық арқылы Көлік картасын немесе Билетті ғана пайдалану;

15.4.2. Қоғамдық көлікте жол жүрудің тіркелуін ЖЕТАЖ арқылы және ЖЕТАЖ-дың ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы жабдық арқылы Көлік картасының немесе Билеттің пайдаланылуымен ғана жүзеге асыру;

15.4.3. осы Шарттың 12 бабына сәйкес Қоғамдық көлікте жолақы төлеу;

15.4.4. Көлік картасының теңгеріміндегі ақшалай қаражаттың қалдығын өз бетінше қадағалау;

15.4.5. Көлік картасын лотереялар, дауыс берулер, викториналар ұйымдастыру және өткізу үшін, жарнама тарату үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылуына, байланыс жабдықтары мен құрылғыларының жұмыс істеу қабілетінің бұзылуына апарып соқтыратын өзге әрекеттерді жасау үшін пайдаланбау;

15.4.6. Оператордың кеңсесіне (кеңселеріне) жүгінген кезде, талап етілуі бойынша жеке басын куәландыратын құжатты және Операторға қажетті өзге құжаттарды ұсыну.

16. Тараптардың жауапкершілігі

16.1. Осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін және тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауап береді.

16.2. Оператор келесілер үшін жауап бермейді:

16.2.1. Пайдаланушыны (Пайдаланушыларды) Қоғамдық көлікте тасу;

16.2.2. Қызметтерді пайдалану барысында туындайтын Пайдаланушының өз пайдасын жоғалтуымен, іскерлік белсенділігінің үзілуімен және басқа да материалдық жоғалтуларымен байланысты залалмен шектелместен, кездейсоқ және жанама залалмен байланысты Пайдаланушының болжалды шығындары (уыстан шығарылған пайда);

16.2.3. Операторға бағынбайтын себептермен орын алған Тасымалдаушының (Тасымалдаушылардың) жұмысты тоқтатуы, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері, сондай-ақ осы Шарт талаптарының өзге жолмен орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы, соның ішінде еңсерілмейтін күш жағдайларын (форс-мажор) қосқанда, соның ішінде келесілермен шектелместен: жарияланған немесе жарияланбаған соғыс, азаматтық соғыс, тәртіпсіздіктер мен революциялар, теңіз қарақшылығы актілері, іріткілер, дүлей апаттар, дауылдар, циклондар, дауылды желдер, жер сілкіну, цунами, топан су, найзағайдың нәтижесінде қирау, жарылыстар, өрттер, байланыс желілеріндегі апаттар/шалыстықтар, ғимараттар мен құрылыстардың және кез-келген қондырғылардың, желілердің, телекоммуникация жабдықтарының қирауы, осы Шарттың талаптарын

орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың әрекеттері, заңнамалық актілердің қағидалары;

16.2.4. үшінші тұлғалардың зақымдауы немесе ЖЕТАЖ-дың дұрыс пайдаланылмауы салдарынан Қызметтердің болжалды нашарлауы/көрсетілмеуі;

16.2.5. кез-келген ақпарат түрлерінің таратылуы және үшінші тұлғалар Пайдаланушыға (Пайдаланушыларға) келтірген кез-келген зиян;

16.2.6. Пайдаланушыға кеңес берудің (ауызша және/немесе жазбаша) себебінен туындаған Пайдаланушы үшін болжалды жағымсыз салдар;

16.2.7. Пайдаланушының жеке күткен үмітіне және оның субъективті бағаларына сәйкес келмеу.

16.3. Пайдаланушы Қоғамдық көлікте жол жүруді тіркеуді жүзеге асырмағаны үшін және/немесе жолақы төлемегені үшін және/немесе уақытылы төлемегені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапкершілікті көтереді.

17. Шарттың күшіне енуі мен оны бұзу және өзгерту тәртібі

17.1. Осы Шарт Бұқаралық ақпарат құралдарында (әрі қарай – БАҚ) жарияланған сәттен бастап немесе Оператордың Сайтында орналастырылған сәттен бастап өз күшіне енеді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына сай тоқтатылған сәтке дейін қолданылады.

17.2. Осы Шарт жарияланған немесе орналастырылған сәттен бастап Пайдаланушы(лар)ға осы Шартпен көзделген талаптар қолданылады. Пайдаланушының Қоғамдық көлікті пайдалануы осы Шарттың талаптарын Пайдаланушының сөзсіз қабылдағанын және жалпы осы Шартқа оның қосылғанын білдіреді. Осы Шарт Алматы қаласының Қоғамдық көлігіндегі арнайы панельдерде орналастырылуы мүмкін.

17.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе осы Шарттың талаптарына сай бұзылуы мүмкін.

17.4. Оператор осы Шарттың өзгертілген редакциясын Оператордың Сайтында орналастыру жолымен немесе БАҚ құралдарында жариялау жолымен біржақты тәртіпте осы Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуі мүмкін. Мұндай өзгертулер және/немесе толықтырулар Оператордың сайтында орналастырылған немесе БАҚ-та жарияланған сәтінен бастап қолданылады.

17.5. Кепіл құнын, Көлік картасындағы ақшалай қаражаттың қалдығын қайтару (Көлік картасы қайтарылған жағдайда) Пайдаланушы қайтарудың шарттарымен келісетіндігін жазбаша түрде немесе электрондық жолмен растаған жағдайда, Оператордың кеңсесінде немесе өзіне-өзі қызмет көрсету аппараттарында жүзеге асырылады. Кепіл құнын қайтару осы Шарттың 4.2. тармағы қағидаларының ескерілуімен жүзеге асырылады, Көлік картасындағы ақшалай қаражаттың қалдығын қайтару Көлік картасы сатып алынған немесе алғаш рет белсенді етілген күннен бастап, табиғи тозуы кезеңіне дейін жүзеге асырылады. Көлік картасындағы ақша қалдығын қайтарған кезде, Оператор Агенттерге тиісті комиссияларды төлеумен байланысты Оператордың шығындарын өтеу мақсатында ақшалай қаражаттың қайтарылатын қалдығы сомасының 2 (екі) %-ы көлемінде комиссия ұстауды жүзеге асырады. Кепіл құнын, Көлік картасындағы ақшалай қаражаттың қалдығын қайтару жарамды Көлік картасы мен жеке басын куәландыратын құжат ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады. Кепіл құны мен Көлік картасындағы ақшалай қаражаттың қалдығы Пайдаланушыға өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтарын пайдалану арқылы қайтарылған жағдайда, Оператор берілуі тиіс соманың ақшалай лимитін белгілеуге құқылы. Пайдаланушы белгіленген лимиттен асатын соманы Оператордың кеңсесінде ала алады. Бұл ретте, Көлік картасын пайдаланудың заңдылығын және Көлік картасына салынған және Пайдаланушы тарапынан жұмсалмаған ақшалай қаражат туралы деректердің өзектілігін тексеру мерзімі Көлік картасы қайтаруға тапсырылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күніне дейін созылуы мүмкін.

17.6. Дербестендірілген Көлік картасын ондағы ақшалай қаражат қалдығының сақталуымен қалпына келтіруді Оператордың кеңсесінде, тиісті өтініштің жазылуы және келесі құжаттардың ұсынылуы шартымен жүзеге асыруға болады:

- жеке басын куәландыратын құжат;
- жол жүру үшін қолма-қол ақшасыз төлем жасалған жағдайда, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы берген жол жүру төлемі бойынша чек және басқа растайтын құжаттар;
- оқушының көлік картасын қалпына келтіру үшін – туу туралы куәлік және ЖСН;
- бала балалар үйінің (жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған, отбасылық типтегі), отбасылық типтегі балалар ауылының, жасөспірімдер үйінің, мектеп-интернаттың (жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған; көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған) тәрбиеленушісі болып табылатындығын растайтын анықтама – құны 320 теңге болатын оқушының, студенттің көлік картасын қайта шығару үшін.

18. Ерекше талаптар

18.1. Дербестендірілген Көлік карталарын рәсімдеген жағдайда Пайдаланушы Операторға және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына заңды негіздемелер бойынша қажет болатын өзінің дербес деректерінің жиналуына және өңделуіне өз келісімін білдіреді, соның ішінде, Пайдаланушы туралы ақпаратпен шектелместен.

18.2. Оператор Көлік карталарында Алаяқтық тіркеулерді анықтаған жағдайда, Оператор Көлік картасының Пайдаланушысына бұл туралы қандай да бір хабарлама берместен, мұндай Көлік карталарын бұғаттауға құқылы.

18.3. Оператордың Бақылау-ревизиялық басқармасының жұмыскерлері Алматы қаласының Қоғамдық көлігінде жеңілдікпен жол жүру құқығын иемденбейтін тұлғалардың ұзақ уақыт пайдаланылатын көліктік жол жүру карталарын, дербестендірілген көлік карталарын пайдаланғанын анықтаған жағдайда, Бақылау-ревизиялық басқарманың жұмыскерлері мұндай дербестендірілген көлік карталарын, ұзақ уақыт пайдаланылатын көліктік жол жүру карталарын алып қоюға құқылы.

18.4. Тараптардың арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөз жүргізу арқылы шешіледі. Реттеу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Оператордың орналасқан жері бойынша сот тәртібімен реттеледі.

18.5. Осы Шартта көрініс таппаған өзге жағдайлардың барлығы бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

18.6. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Алшақтықтар туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтіні басым күшті иемденеді.

18.7. Егер осы Шарттың талаптарының кез-келгені ағымдағы уақытта немесе келешекте толығымен немесе ішінара заңсыз, жарамсыз немесе қолданыла алмайтын болып қалған жағдайда, мұндай талап осы Шарттың кез-келген басқа талаптарының заңдылығына, жарамдылығына және қолданылуына толығымен немесе ішінара әсерін тигізбейді.

19. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері:

Оператор: «Алматы қаласының көлік холдингі» Алматы қ., Рысқұлбеков көшесі, 33/1 үй БСН 801 140 000 022	Пайдаланушы: _____ _____ _____
Директор <i>С. Хамраев</i> Хамраев С.А.	

